10 ТДМ міндеттері

10.1 2030 жылға қарай халықтың ең аз қамтылған 40 пайызының табыс өсімін біртіндеп ел бойынша орташадан жоғары деңгейге жеткізу және ұстап тұру

10.2 2030 жылға қарай барлық адамдардың жасына, жынысына, мүгедектігіне, ұлтына, этникалық шығу тегіне, шығу тегіне, дініне және экономикалық немесе басқа мәртебесіне қарамастан әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірге белсенді араласуын заңнамалық жолмен қолдау және көтермелеу

10.3 Мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету және нәтижелер теңсіздігін азайту, атап айтқанда, кемсіту заңдарын, саясатын және тәжірибесін болдырмау және осы бағыттағы сәйкес заңнама, саясат және шараларды қабылдауға ықпал ете отырып азайту

10.4 Тиісті саясатты, әсіресе бюджеттік-салықтық саясатты және еңбекақы мен әлеуметтік қорғау мәселелеріндегі саясатты қабылдау және біртіндеп көбірек теңдікті қамтамасыз етуге ұмтылу

10.5 Ғаламдық қаржылық нарықтарды және мекемелерді реттеу және мониторингілеу әдістерін жетілдіру және мұндай әдістерді неғұрлым жүйелі қолдану

10.6 Ғаламдық халықаралық экономикалық және қаржылық мекемелерді неғұрлым тиімді, беделді, есепті және заңды ету мақсатында олардағы шешім қабылдау үдерістеріндегі дамушы елдердің басым өкілділігін және басым дауыс беру құқығын қамтамасыз ету

10.7 Адамдардың реттелген, қауіпсіз, заңды және жауапты болуына көші-қоны мен жұмылғыштығы атап айтқанда жоспарланған және ақылға салынған көші-қон саясатын жүргізу көмегімен жәрдемдесу

10.a Дүниежүзілік сауда ұйымының келісімдеріне сәйкес дамушы, әсіресе ең аз дамыған елдер үшін айрықша және сараланған тәртіп қағидатын жүргізу

10.b Дамыту мақсатында ресми көмекті және қаржы ағымын, оның ішінде тікелей шетел инвестицияларын ең мұқтаж мемлекеттерге, әсіресе нашар дамыған елдерге, африкалық елдерге, шағын аралдық дамушы мемлекеттерге және теңізге шығар жол жоқ дамушы елдерге олардың ұлттық жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес бөлуді ынталандыру

10.c 2030 жылға дейін мигранттардың ақшалай қаражаттарды аударуымен байланысты операциялық шығындарын аудару сомасынан кем дегенде 3 пайызға дейін қысқарту және бұл шығындар 5 пайыздан асатын ақша аудару арналарын жою

Қазақстанда келесі міндеттер қабылданды: 10.1, 10.2, 10.4, 10.5, 10.6, 10.7, 10.a

ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE QAZAQSTAN